

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1177 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 17-18, 114-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 192-құжат; 1998 ж., N 7-8, 71-құжат; N 22, 290-құжат; 1999 ж., N 10, 340-құжат; N 15, 593-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) 4-баптың 4-тармағының 1) және 2) тармақшалары алынып тасталсын;
- 2) 5-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кандидаттардың сайлауға қатысуына тең құқықтар мен шарттарға кепілдік беріледі." ;

3) 9 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасының төртінші абзацы алынып тасталсын, 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып саналады." ;

4) 1 0 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Сайлау комиссияларын саяси партиялармен консультациялардан кейін тиісті жоғары тұрған сайлау комиссиялары құрады:

Парламент Мәжілісіне депутаттар сайлау жөніндегі облыстық сайлау комиссияларын, округтік сайлау комиссияларын, Астана, Алматы қалаларының сайлау комиссияларын Орталық сайлау комиссиясы құрады;

аудандық, қалалық сайлау комиссияларын, сондай-ақ облыстық мәслихатқа депутаттар сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларын облыстық сайлау комиссиялары құрады;

қаладағы аудандық сайлау комиссияларын, сондай-ақ қалалық мәслихатқа депутаттар сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларын Астана, Алматы қалаларының сайлау комиссиялары құрайды;

қалалық мәслихатқа депутаттар сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларын, учаскелік сайлау комиссияларын қалалық сайлау комиссиялары құрады;

учаскелік сайлау комиссияларын Астана, Алматы қалаларындағы аудандық сайлау комиссиялары құрады;

аудандық мәслихатқа депутаттар сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларын, учаскелік сайлау комиссияларын аудандық сайлау комиссиялары құрады.

Сайлау комиссиясының төрағасын, төрағаның орынбасарын, хатшысы мен мүшелерін сайлау тәртібін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

Сайлау комиссиясының жаңа құрамын құру кемінде екі ай бұрын басталады және сайлау комиссиясының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш күннен кешіктірілмей аяқталады.

Сайлау комиссияларын құратын органдар сайлау комиссиясының өкілеттік мерзімі ішінде олардың құрамына өзгерістер енгізуге құқылы.";

мынадай мазмұндағы 6, 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Сайлау комиссияларының қызметіне олардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде араласуға жол берілмейді.

7. Сайлау комиссиясы мүшелерінің қызметі сайлау комиссиясын құрған органның шешімі бойынша немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясы өтінішінің негізінде сот шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

8. Сайлау комиссиясының мүшесі осы Конституциялық заңның 19-бабының 6 және 7-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өкілеттіктерден айрыла алмайды." ;

5) 1 2 - б а п т а :

3-1) тармақша алынып тасталсын;

б) тармақшада "нысаны" деген сөздерден кейін ", соның ішінде қорғалу дәрежесін"

деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшада "адамдары мен бастамашыл топтарын" деген сөздер "адамдарын" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) тармақша ", дүркін-дүркін ақпарат бюллетеньдерін шығарады." деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақшада:

"олардың қызметіне" деген сөздер "олардың қызметтерінің осы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуін" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Осы Конституциялық заңның бұзылуы анықталған кезде тиісті комиссиясының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды.";

6) 13-баптың 3-тармағы алынып тасталсын;

7) 14-бапта:

3) тармақша "осы Конституциялық заңының бұзылуына жол берген төменгі тұрған сайлау комиссиясының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды;" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшада "және бастамашыл топтарын" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) дауыс беруге арналған учаскелердің бірыңғай нөмірленуін белгілейді;"

11) тармақшада "және бастамашыл топтарын" деген сөздер алынып тасталсын;

8) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Округтік сайлау комиссиялары сайлау округтерінде Парламент Мәжілісінің және мәслихаттар депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.";

9) 16-бапта:

4) тармақша алынып тасталсын;

5) тармақшада "және бастамашыл топтарын" деген сөздер алынып тасталсын;

10) 17-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Учаскелік сайлау комиссиялары тиісті сайлау учаскелерінде Президентті сайлауды, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттар депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.

Учаскелік сайлау комиссиялары жеті мүшеден құрылады.";

11) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Сайлау комиссиясы мүшесінің мәртебесі

1. Сайлау комиссияларының мүшелері мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылады және олар мемлекеттің қорғауында болады.

2. Сайлау комиссиялары мүшелерінің құқықтық жағдайы Конституциямен, осы Конституциялық заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен

а й қ ы н д а л а д ы .

3. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, төрағасының орынбасары, хатшысы, мүшелері мен оның аппараттарының қызметкерлері өз өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асырады .

4. Сайлау комиссиясының осы баптың 3-тармағында атап көрсетілмеген мүшелері сайлау өткізу кезеңінде әкімшіліктің (жұмыс берушінің) бастамасы бойынша жұмыстан шығарыла алмайды немесе оның келісімінсіз басқа жұмысқа ауыстырыла алмайды.

5. Сайлау комиссиясының мүшесі:

1) тиісті сайлау комиссиясының отырыстары туралы алдын ала хабарландырылып отырады ;

2) сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, тиісті сайлау комиссиясының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге және олар бойынша дауыс берілуін талап етуге құқылы ;

3) күн тәртібіне сәйкес отырыстың басқа қатысушыларына сауал қоюға және оларға мәні бойынша жауаптар алуға құқылы ;

4) өзі мүшесі болып табылатын сайлау комиссиясының құжаттарымен және материалдарымен танысуға, өзі құрамында тұрған сайлау комиссиясы мүшелерінің төрттен үшінің даусымен расталатын, уәкілеттігі бойынша төменгі тұрған сайлау комиссиясының қызметін тексеруді жүзеге асыруға құқылы ;

5) комиссияның жұмысына қатысуға, Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Конституциялық заң мен өзге де заңдардың, қызметтік әдеп нормаларының талаптарын сақтауға міндетті ;

6) қызметтік міндеттерін, сайлау комиссиясының және оның төрағасының, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдері мен нұсқауларын адал орындауға тиіс ;

7) азаматтардың сайлау құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етуге, шешім қабылдау кезінде әділ және тәуелсіз болуға, сондай-ақ кандидаттар мен партиялық тізімді ұсынған саяси партиялардың қызметіне жариялы баға беруден қалыс қалуға міндетті ;

8) саяси партияның не өзі өкілі болып табылатын өзге де қоғамдық бірлестіктің шешімдерімен байланысты болмайды және олардың мүдделерін білдіруге құқығы жоқ.

6. Сайлау комиссиясының мүшесі сайлау комиссиясының белгіленген өкілеттік мерзімі аяқталуы бойынша, оның қызметі тоқтатылған кезде, сондай-ақ тиісті сайлау комиссиясын құрған сайлау комиссиясының шешімі бойынша мына жағдайларда:

1) міндеттерден босату туралы өз еркімен өтініш бергенде ;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылғанда ;

3) аумағында тиісті сайлау комиссиясы құрылған әкімшілік- аумақтық бөліністен тыс жердегі тұрақты тұрғылықты мекенге көшкенде ;

4) оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгенде ;

5) оны іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі, хабарсыз кеткен немесе

қайтыс болған деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;

б) ол қайтыс болғанда өз міндеттерін атқарудан босатылады.

7. Комиссия мүшесі лауазымдық өкілеттігін бірнеше мәрте бұзған немесе міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда оны жоғары тұрған сайлау комиссиясы лауазымынан босатады.

8. Жоғары тұрған сайлау комиссиясы осы баптың 6 және 7-тармақтарында көзделген негіздер бойынша шығып, қалғанның орнына аумақтық және округтік сайлау комиссиясының мүшесін тиісті мәслихат осы Конституциялық заңның 10-бабында белгіленген тәртіппен сайлау комиссиясының мүшесін сайлағанға дейін тағайындайды.

9. Сайлау комиссиясы бір ұйымның қызметкерлерінен құрылмауға тиіс.

10. Сайлау комиссиясының мүшесі тиісті комиссия орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұруға тиіс.;"

12) 20 - бапта :

5 - тармақта :

екінші сөйлемде "Құрамында бар сайлау комиссиялары" деген сөздер "Егер комиссия отырысында қатысса," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Ерекше пікір жоғары тұрған сайлау комиссиясының назарына тез арада жеткізіледі.;"

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Егер осы Конституциялық заңда шағым берудің өзге мерзімдері белгіленбесе, сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне, шешім қабылданған немесе іс-әрекет жасалған күннен бастап 10 күн ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым берілуі мүмкін. Көрсетілген мерзімдері өткен соң сайлау комиссияларының шешімдеріне немесе іс-әрекеттеріне жасалған шағымдар қарауға жатпайды. Жоғары тұрған сайлау комиссияларына алдын ала жүгіну сотқа жүгінудің міндетті шарты болып табылмайды.

Шағымда шағым беру үшін негіз болған мән-жайлар міндетті түрде жазылады және шағым иесі өз талаптарын негіздеген дәлелдер көрсетіледі. Осы шарт сақталмаған шағымдар қаралмайды және иесіне қайтарылады.

Шағымдар сайлау комиссиясында және сотта бір мезгілде қаралған кезде, сайлау комиссиясы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін арызды қарауды тоқтата тұрады. Сот түскен шағым туралы және оны қарау нәтижелері бойынша сот шешімінің заңды күшіне енгені жөнінде сайлау комиссиясына хабарлайды.

Егер сот сайлау комиссиясы шешімінің күшін жойса, бұл жағдайда шешімінің күші жойылған сайлау комиссиясы немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясы сот шешімінің негізінде мәселенің мәні бойынша жаңа шешім қабылдауға міндетті. Сот шешімдерді тиісті сайлау комиссияларының орындауы үшін міндетті.;"

8-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Сайлау комиссиясы

мүшелерінің еңбегіне қосымша ақы төлеу сайлау өткізуге бөлінген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Президенттікке, Парламенттің, мәслихаттардың депутаттығына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар сайлау комиссияларының мүшелері бола алмайды.

Кандидаттардың сенім білдірілген адамдары, сондай-ақ кандидаттардың тікелей қарамағындағы адамдар осы кандидат қатысатын сайлау округінде сайлауды тікелей ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін сайлау комиссияларының құрамында бола алмайды.

Аталған адамдар тиісті кандидатты тіркеген күннен бастап тіркеудің күші жойылғанға дейін немесе сайлау науқаны тоқтатылғанға дейін сайлау комиссиясындағы өз қызметін тоқтата тұрады.";

13) мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

"20-1-бап. Сайлау комиссияларының қызметіндегі жариялылық

1. Сайлау комиссияларының қызметі жариялы және ашық түрде жүзеге асырылады.

Байқаушылар, сенім білдірілген адамдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері сайлау процесінің барлық сатыларына қатысуға, сондай-ақ сайлау комиссияларынан сайлау процесі туралы кез келген ақпаратты алуға құқылы.

Байқаушылардың, сенім білдірілген адамдардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің осы Конституциялық заңда берілген құқығын ешкім шектей алмайды.

2. Сайлау комиссиялары жалпыға қол жетімді телекоммуникациялық желілерде орналастырылатын, ал осы Конституциялық заңмен көзделген жағдайларда өзгедей жолмен жариялауға жататын сайлау комиссияларының шешімдерімен барлық адамдардың еркін танысулары үшін жағдайлар жасайды.

3. Сайлау комиссиясының отырыстарына кандидаттар немесе олардың сенім білдірілген адамдары, байқаушылар, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

4. Дауыс беру күні дауыс беруге арналған сайлау учаскесі ашылған сәттен бастап және дауыс берудің нәтижелері айқындалғанға дейін сайлау учаскесінде сайлаушылардың дауысын санау кезінде әрбір кандидаттан сенім білдірілген бір адам, әр бұқаралық ақпарат құралдарынан қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде бір өкіл, сондай-ақ әр саяси партиядан, қоғамдық бірлестіктен немесе Республиканың өзге де мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымынан байқаушылар және шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары бір мезгілде қатысуға құқылы.

5. Байқаушының өкілеттігі сайлау күні, оның тегі, аты, әкесінің аты, сайлау учаскесінің нөмірі (сайлау комиссиясының атауы) көрсетіліп, жазбаша нысанда куәландырылуға тиіс. Осы құжат оны берген ұйымның мөрімен куәландырылады және

байқаушы жеке басын куәландыратын құжатын ұсынған кезде жарамды болады. Құжат сайлау комиссиясының төрағасына не оны алмастырушы адамға байқаушыны тіркеу ү ш і н ұ с ы н ы л а д ы .

6. Байқаушылар, сенім білдірілген адамдар, бұқаралық ақпарат құралдарының ө к і л д е р і :

1) жеке басы мен өкілеттігін куәландыратын құжаттарын өздерімен бірге ұстауға;

2) сайлау процесіне, дауыстарды санау мен сайлау комиссияларының шешім қабылдау барысына араласпауға, сайлау комиссиясының жұмыстарына кедергі келтіретін і с - ә р е к е т т е р ж а с а м а у ғ а ;

3) сайлау учаскесінде тиісті сайлау комиссиясы белгілеген мінез-құлық ережелерін сақтау жөніндегі сайлау комиссиялары мүшелерінің талаптарын орындауға;

4) өз қорытындыларын құжатталған, жарамды және тексеруге келетін фактілермен н е г і з д е у г е ;

5) осы Конституциялық заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптарын с а қ т а у ғ а м і н д е т т і .

Байқаушылар алдын-ала кесіп-пішпеуге, нақты кандидатқа, саяси партияға ықылас б і л д і р м е у г е т и і с .

7. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары, сондай-ақ шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Орталық сайлау комиссиясының жанында тіркеледі. Шет мемлекеттерден келген жеке адамдарды Орталық сайлау комиссиясы тіркемейді. Орталық сайлау комиссиясы байқаушыларға сайлау науқанын өткізу кезеңінде олардың қызметі үшін негіз болып табылатын белгіленген үлгідегі куәлік береді. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын тіркеу дауыс беру күнінен бес күн бұрын аяқталады. Осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда Орталық сайлау комиссиясы шет мемлекеттің, халықаралық ұйымның байқаушысын, сондай-ақ шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілін тіркеуді қ а й т а р ы п а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

8. Байқаушылардың қызметін қаржылық және ұйымдық жағынан қамтамасыз ету байқаушыларын жіберген тараптардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

9. Байқаушылар Қазақстан Республикасының заңдарын немесе халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларын бұзған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы байқаушыны тіркеуді қайтарып алуға немесе Орталық сайлау комиссиясына шет мемлекеттің, халықаралық ұйымның байқаушысын, сондай-ақ шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілін тіркеуді қайтарып алу туралы ұсыныс енгізуге құқылы.";

14) 21-баптың 2-тармағында "жиырма бес проценттен" деген сөздер "осы әкімшілік-аумақтық бөліністегі әрбір депутаттық мандатқа сайлаушылардың орташа санының он бес процентінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 23-баптың 2-тармағында :

1) тармақшада "үш мыңнан" деген сөздер "шамамен үш мыңнан" деген сөздермен ауыстырылсын:

3) тармақша алынып тасталсын;
16) 24 - бапта:

2-тармақ алынып тасталсын;

3-тармақта "тұру" деген сөз "тұрғылықты жері бойынша тіркелу" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган халықты есепке алуды жүзеге асыратын тиісті органдар ұсынған мәліметтердің негізінде жасайды.

Әрбір сайлаушы тиісті жергілікті атқарушы органда сайлау жарияланған немесе тағайындалған сәттен бастап сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

Әр сайлау учаскесі бойынша сайлаушылардың тізіміне тиісті әкім қол қояды және дауыс беру басталғанға дейін жиырма күн бұрын тиісті сайлау комиссиясына акті бойынша тапсырылады.

Басқа құзыретті органдар мен ұйымдардың деректерімен алдын ала салыстырылған сайлаушылар туралы мәліметтерді жергілікті атқарушы орган тиісті аумақтық сайлау комиссияларына әр жылдың 1 шілдесіне және 1 қаңтарына электрондық және қағазға түсірілген жеткізушіде тапсырады.

Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары тиісті сайлау комиссиясына тапсырылған сайлаушылар тізімдерінің, сондай-ақ сайлаушылар туралы деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады.

Сайлаушыларды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалану кезінде оны пайдалану тәртібін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізіміне нақтылау енгізу соттың немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімін орындауды қоспағанда, дауыс беру алдындағы күні сағат 20.00-де тоқтатылады.";

17) 25-баптың 1-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелері аумағында тіркелген азаматтар;" ;

5) тармақшаның екінші сөйлемі алынып тасталсын;

18) 26 - бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдерін дауыс беруге он бес күн қалғанда тиісті сайлау комиссиялары сайлаушылардың танысуы үшін ұсынады.

Республикаға қарайтын әскери бөлімдерде, дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-алдын алу мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу жолы қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанында құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдері сайлаушылардың танысуы үшін дауыс беруге бес күн қалғанда; жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау өткізген кезде құрылған сайлау учаскелері бойынша - дауыс беруге жеті күн қалғанда ұсынылады.";

4 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемде "әрбір азаматқа (таңдаушыға) шағымдану құқығы беріледі" деген сөздер "әрбір азамат (таңдаушы) сайлаушылар тізіміндегі өзі туралы мәліметтерді тексеруге және шағымдануға құқылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемде "үш күн мерзімнен кешіктірмей, ал дауыс беру қарсаңында және дауыс беретін күні дереу" деген сөздер "сайлау комиссиясына өтініш келіп түскен күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші сөйлемде "үш күн ішінде, ал сайлау қарсаңында және сайлау күні дереу" деген сөздер "өтініш келіп түскен күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші сөйлемде "қосымша" деген сөз алынып тасталсын;

19) 27, 28 және 29-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Сайлау алдындағы үгіт

1. Сайлау алдындағы үгіт - бұл белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы сайлаушылардың дауыс беруге қатысуына түрткі болатын мақсаты бар қ ы з м е т .

2. Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген күннен басталып, сайлау қарсаңындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. Қайтадан дауыс беруді өткізген кезде сайлау алдындағы үгіт қайтадан дауыс беру күні тағайындалған күннен басталып, сайлау қарсаңындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта а я қ т а л а д ы .

3. Сайлау алдындағы үгіт:

1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;

2) сайлау алдындағы шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен (таңдаушылармен) кездесулерді, жария түрдегі сайлау алдындағы пікір таластары мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және өзге де сайлау алдындағы шараларды) жария түрде өткізу, кандидаттардың, олардың сенім білдірілген адамдарының сайлаушылармен (таңдаушылармен) жеке кездесулерін өткізу жолымен;

3) баспа, дыбысты-көріністі және өзге үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады.

4. Сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын тартуға:

- 1) мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына;
- 2) әскери бөлімдерге, әскери мекемелер мен ұйымдарға;
- 3) сайлау комиссияларының мүшелеріне тыйым салынады.

5. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары болып табылатын кандидаттарға өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынады.

Осы Конституциялық заңда лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалану деп мыналар ұғынылады:

- 1) қарауындағы немесе басқа да қызмет жағынан тәуелді адамдарды қызмет уақытында сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тарту;
- 2) егер өзге кандидаттарға, саяси партияларға сол шарттармен аталған үй-жайларды пайдалануға кепілдік берілмесе, кандидаттың, партиялық тізімнің сайлануына ықпал ететін іс-әрекетті жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар орналасқан үй-жайларды пайдалану;

Санамаланған шектеулерді сақтау лауазымды адамдарға өздерінің қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтірмеуге тиіс.

6. Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистер, бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларының лауазымды адамдары сайлауларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қатысуға құқылы емес.

7. Меншік нысанына қарамастан бұқаралық ақпарат құралдары кандидаттардың, саяси партиялардың сайлау науқанын объективті көрсетуді жүзеге асыруға; белгілі бір кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдары мен өзге де ақпараттарды жариялаудан қалыс қалуға; баспа басылымының таяудағы нөмірінде сол бетте және сондай көлемде немесе теледидар не радио хабарларында сондай уақытта аталған адамдарға ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғауы үшін теріске шығаруды тегін жариялауына мүмкіндік беруге міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдары осы Конституциялық заңда белгіленген тиісті сайлау комиссияларының сайлау алдындағы науқан барысы туралы ақпаратты және хабарламаларды жариялауына кідіріссіз мүмкіндік жасайды.

Осы тармақтың талаптарын бұзу бұзушылыққа жол берген бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін сот шешімімен тоқтата тұру үшін негіз болып табылады.

8. Бұқаралық ақпарат құралдарының лауазымды адамдары осы Конституциялық заңның 29-бабының 1-тармағында көрсетілген материалдарды жариялау жағдайларын қоспағанда, кандидаттар мен саяси партиялардың сайлау алдындағы науқан барысында айтқан пікірлері үшін жауапты болмайды.

9. Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның ішінде көркемдеуші материалдары, сондай-ақ омырау белгілерді, жалауларды, жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, сайлаушыларға тегін немесе жеңілдік шарттарымен тауарлар, бағалы қағаздар беріп, қызметтер көрсету, сондай-ақ лотереялар, қайырымдылық акцияларын өткізу, ақшалай қаражаттар төлеу не оны беруге уәде беру арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізу сайлау алдындағы жөнсіз үгіт деп саналады. Сайлау алдында жөнсіз үгітті жүргізуге тыйым салынады.

Сайлау жарияланған (тағайындалған) кезден бастап, кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға, сондай-ақ кез келген жеке және заңды тұлғаларға солардың атынан немесе соларды қолдап ойын-сауық және спорттық шараларын ұйымдастыруды қоспағанда, қайырымдылық шараларын өткізуге тыйым салынады.

Кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың, сондай-ақ олардың сенім білдірілген адамдарының осы тармақпен белгіленген ережелерді бұзуы кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға әкеп соғады.

10. Қандай да бір адамның бейнесін оның жазбаша келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда - мұрагерлерінің жазбаша келісімінсіз пайдалану арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тыйым салынады.

28-бап. Сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығы

1. Мемлекет белсенді сайлау құқығы бар азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге осы Конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес белгілі бір кандидатты, саяси партияны, жақтап не қарсы кедергісіз үгіт жүргізу құқығына кепілдік береді.

Осы Конституциялық заңға сәйкес сайлау қорларын құрмайтын азаматтар, қоғамдық бірлестіктер қаржыландыруды талап етпейтін сайлау алдындағы үгіт жүргізуге құқылы.

2. Кандидаттардың тиісті сайлау комиссиясында тіркелген кезден бастап және үгіт науқаны аяқталғанға дейін өзінің сайлау алдындағы бағдарламаларын баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында үгіттеп, насихаттауға құқығы бар.

Кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгіт жүргізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізуінің тең жағдайына кепілдік беріледі.

3. Мемлекет кандидаттарға өз бағдарламаларымен бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеуі үшін бірдей қаражат бөлінуіне кепілдік береді. Әрбір кандидаттың теледидарда он бес минуттық сөз сөйлеуіне, радиода он минуттық сөз сөйлеуіне, сондай-ақ баспа басылымдарында екі баспа табақтан аспайтын көлемде екі мақала жариялауына қаражат беріледі.

Партиялық тізімдерін ұсынатын саяси партиялар теледидарда Орталық сайлау комиссиясы ұйымдастыратын, ол белгілейтін уақыт көлемінде саяси пікір-сайыстарға

Бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімін ұсынған саяси партияларға шарттық негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын береді. Бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарға және партиялық тізімін ұсынған саяси партияларға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру туралы шарттың талаптары саяси партияның, сол немесе өзге кандидаттың артықшылығын туғызбауға тиіс. Төлем мөлшері, эфирден және баспасөзден орын беру шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді тиісті телерадиохабар тарату ұйымдары, мерзімді баспасөз басылымдарының редакциялары сайлау тағайындалғаны жөніндегі шешім ресми жариялағаннан кейін оныншы күннен кешіктірмей хабарлауға және жариялауға тиіс, сондай-ақ мұндай Президент сайлауы кезінде Орталық және облыстық сайлау комиссияларына, Парламенттің, мәслихаттардың депутаттары мен жергілікті өзін-өзі басқару мүшелерін сайлау кезінде өзге де аумақтық, сондай-ақ округтік сайлау комиссияларына ұсынуға тиіс.

Кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың біріне осы бұқаралық ақпарат құралдары берген эфир уақытын, баспасөз бетіндегі орынды бөлуге келісу басқа да кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға эфир уақытын, баспасөз бетіндегі орынды бөлуге келісу болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттар мен партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың сөз сөйлеу кезегі жазбаша өтініштердің келіп түсу тәртібімен не егер өтініштер бір мезгілде келіп түссе, жеребе бойынша белгіленеді.

Кандидаттардың теледидар мен радиода сөйлеп жатқан сөздерін бөлуге және сөйлеп болғасын оған бірден түсініктеме беруге, сондай-ақ баспа басылымдарында сол нөмірдегі сөздеріне түсініктеме жасауға тыйым салынады.

4. Сайлау комиссияларының тапсырысы бойынша жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайды береді. Сайлау комиссиялары бөлінген үй-жайда кандидаттардың сайлаушылармен кездесуінің кестесін жасайды және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды. Үй-жайды беру шарты барлық кандидаттар үшін бірдей.

5. Тиісті сайлау комиссиялары партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа кандидаттарға плакаттар, листовкалар, ұрандар мен өзге де баспа үгіт материалдарын басып шығару үшін бірдей мөлшерде ақша қаражатын бөледі. Барлық баспа үгіт материалдарында сол материалдарды шығарған ұйым, олар басылған орын мен таралымы, тапсырыс берген адамдар, қандай қаражаттан төлегені туралы мәліметтер болуға тиіс. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде үгіттейтін баспа материалдарын дайындауға, дерексіз үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

6. Жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссиясымен бірлесіп барлық

кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілейді және оларды жар-қабырға, қалқан, тұғырлықтармен жарақтандырады. Үгіттік баспа материалдары барлық кандидаттар үшін тең құқықты қамтамасыз ететін шарттарда орналастырылады.

Кандидаттар баспа үгіт материалдарын өзге де орындарда тиісті объект иесінің рұқсатымен іліп қоюға құқылы.

Үгіт материалдарын ескерткіштерге, ескерткіш тұрларға, тарихи, мәдени және сәулеттік құндылығы бар үй-жайлар мен ғимараттарға, сондай-ақ сайлау комиссиясының үйі мен дауыс беруге арналған үйге іліп қоюға тыйым салынады.

7. Президенттікке, Парламент және мәслихаттар депутаттығына кандидаттар өз сайлау қорларының қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеуге, жария түрдегі сайлау алдындағы шараларды өткізуге, қосымша үгіт материалдарын шығаруға байланысты шығындарды төлеуге, сондай-ақ көлік және іссапар шығындарының орнын толтыруға құқылы. Бұл мақсатқа кез келген басқа көздерден өзге де ақша қаражатын тартуға, сайлау науқаны барысында кандидаттар пайдаланатын заңды және жеке тұлғалардың кандидаттардың тауарлар, жұмыс және сайлау қорлары қаражатынан ақысы төленбеген кез келген қызметін қабылдауға, аталған заңды тұлғаларға осы қызметті көрсеткені үшін кандидат тарапынан кез келген жәрдем көрсетуге тыйым салынады.

Сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты кандидатқа, саяси партияларға қызмет көрсететін заңды және жеке тұлғаларда бұлардың осы қызметтерді қабылдауға деген жазбаша келісімі болуға тиіс. Жазбаша келісімі жоқ тұлғалар әкімшілік тұрғыда жауапты болады.

8. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың мерзімді баспа басылымдары сайлау комиссияларының хабарларын, сайлауға қатысатын кандидаттар туралы деректерді орталық сайлау комиссиясы белгілеген тәртіп пен көлемде жариялауға міндетті.

9. Сайлаумен байланысты қоғамдық пікірді сұрау нәтижелерін жариялауда бұқаралық ақпарат құралдары сұрау жүргізген ұйымды, кімнің тапсырыс бергенін және оны кім төлегенін, сұрау жүргізілген уақытты, ақпарат жинау әдісін, сұрақтың нақты тұжырымын, сұралғандардың саны мен сұрау нәтижесінің ағаттық коэффициентін көрсетуге міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қоғамдық пікір сұрау нәтижелерін, сайлау нәтижелерінің болжамын, сайлауға байланысты өзге де зерттеулерді дауыс берілетін күнге дейін бес күн ішінде және дауыс берілетін күні жариялауға жол берілмейді.

Сайлау күні дауыс беруге арналған үй-жайда және дауыс беруге арналған пунктте қоғамдық пікір сұрауды жүргізуге тыйым салынады.

29-бап. Кандидаттың, саяси партияның сайлау алдындағы бағдарламасы

1. Президенттікке, Парламент және мәслихат депутаттығына, жергілікті өзін-өзі

басқару органының мүшелігіне кандидат, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар сайлау алдындағы өзінің болашақ қызметінің бағдарламасын баяндайды. Сайлау алдындағы бағдарлама Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық араздықтарды өршіту, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру идеяларын уағыздамауға тиіс.

2. Аталған талаптар бұзылған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуден, саяси партиялардың партиялық тізімдерін тіркеуден бас тартуға, ал кандидат немесе саяси партиялар мұндай сайлау алдындағы бағдарламаны тіркелгеннен кейін ұсынған жағдайда кандидатты немесе партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға құқылы."

20) 30-бап алынып тасталсын;

21) 31 бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Сенім білдірілген адамдар

1. Кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар сенім білдірген адамдарының болуына хақылы, олар сайлау науқанын жүргізуге көмектеседі, сайлау алдындағы үгітті жүргізеді, кандидаттардың, саяси партиялардың мүдделерін білдіреді.

2. Кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар, сенім білдірген адамдарын өздерінің қалаулары бойынша белгілейді және оларды тіркеу үшін тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды.

Кандидат, саяси партия сенім білдірген адамдары ретінде ұсынған адам тиісті сайлау комиссиясына сенім білдірмеген адам болуға келісімі туралы өтінішін ұсынады.

3. Сайлау комиссиясы сенім білдірілген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті куәлік береді.

4. Сенім білдірілген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс, Сенат депутатын сайлау кезінде мәслихат депутаты, қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі, саяси мемлекеттік қызметші лауазымындағы адам бола алмайды.

5. Сенім білдірілген адамдар өздеріне партиялық тізімді ұсынған саяси партияның, кандидаттың жазбаша түрде берген ұсынған саяси партиялар берген өкілеттік шегінде жұмыс істейді.

6. Сенім білдірілген адамдар сайлау науқаны аяқталғаннан кейін, өз бастамасымен, кандидаттың және партиялық тізімді ұсынған саяси партиялардың шешімімен, сондай-ақ кандидатты, партиялық тізімді тіркеудің күші жойылған жағдайда өз мәртебесінен айырылады."

22) 33-бапта:

2-тармақта:

1) тармақша "үй-жайды жалға алуға, іссапар шығыстарына, консультанттарға,

сарапшыларға, лингвистикалық комиссияның мүшелеріне еңбек ақы төлеуге" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Шет ел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, шет елдің заңды тұлғаларының кандидаттарды, кандидаттардың тізімдерін ұсынуға іс және сайлауға, сайлауларда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге ықпал ететін қызметті жүзеге асыруға қ ұ қ ы ғ ы ж о қ . " ;

2 3) 3 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"Мәжілісі" деген сөз алынып тасталсын;

"Парламент" деген сөзден кейін "және мәслихаттар депутаттарын" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың 3) тармақшасы ", сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың дерегі жоқ қайырмалдықтарына" деген сөздерімен толықтырылсын;

4-тармақта екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Қорға келіп түскен ақшалай қаражаттың жалпы сомасы туралы ақпаратты сайлау өткізілгеннен кейін он күн ішінде Қазақстан Республикасы Президентін сайлау кезінде Орталық сайлау комиссиясы; Парламент Сенаты депутаттарын сайлау кезінде - облыстық сайлау комиссиялары, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде - округтік сайлау комиссиялары бұқаралық ақпарат құралдарында ж а р и я л а й д ы . " ;

б - т а р м а қ т а :

төртінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын: "Банктер тиісті сайлау комиссиясына арнаулы уақытша шотқа келіп түскен қаражат және олардың жұмсалуды туралы апта сайын есеп береді, сондай-ақ тиісті сайлау комиссиясының сұрауы бойынша осындай мәліметтерді жиырма төрт сағаттың ішінде береді.";

бесінші сөйлемде "тәртібін" деген сөзден кейін "және тиісті сайлау комиссияларын" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Қайтадан дауыс беруді өткізген кезде қайтадан дауыс беру өткізілетін кандидаттардың арнаулы уақытша шоттары бойынша қаржы операциялары қайтадан дауыс беру тағайындалған күні қалпына келтіріледі және сайлау алдындағы күні сағат 18.00 - де т о қ т а т ы л а д ы .

Сайлау қорына ол құрылған кезден бастап келіп түскен ақшаның жалпы сомасы осы Конституциялық заңмен белгіленген шектен аспауға тиіс.";

24) 35-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Республика Президентін, Парламент депутаттарын, мәслихаттардың депутаттарын, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезіндегі сайлау

шараларын қаржыландыруды Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.";

2 5) 3 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кандидаттардың сайлау науқандарына республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты жұмсауын бақылау заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.";

3-тармақта "өзге де мемлекеттік органдар" деген сөздер "мемлекеттік органдардың мамандары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 6) 3 7 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сайлау бюллетеньдері мемлекеттік тілде және орыс тілінде басылады.

Сайлау бюллетеньдері сайлау округіндегі сайлаушылардың жалпы санының 0,1 проценті резервімен сайлау округіндегі сайлаушылардың санына тең мөлшерде дайындалады." ;

3-тармақта "жеті күн қалғанға дейін" деген сөздер "кем дегенде бір күн қалғанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "үш күн" деген сөздер "кем дегенде бір күн" деген сөздермен ауыстырылсын ;

27) 38-баптың 2-тармағы "сайлаушыларды" деген сөзден кейін "бұқаралық ақпарат құралдары арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

2 8) 3 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемде "немесе бөлмелер" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын: "Бұл ретте байқаушылар, сенім білдірілген адамдар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен сайлау комиссиясы мүшелерінің сайлау жәшіктерін, жасырын дауыс беруге арналған кабиналарға кіруді және шығуды бақылауына жағдай жасалуға тиіс.";

2 - т а р м а қ т а :

екінші сөйлем "Тиісті сайлау комиссиясының төрағасы" деген сөздерден кейін "бір мезгілде дауыс беруге арналған үй-жайдағы сайлаушылардың санын реттейді," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Дауыс беру күні сайлау учаскесінде сайлау процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады.

Сайлау туралы заңдарды бұзған жағдайда, учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі оның жұмысына қатысудан дереу шеттетіледі, ал байқаушы мен өзге де адамдар сайлау комиссиясының жазбаша нысанда қабылданған дәлелді шешімі бойынша дауыс беруге арналған үй-жайдан шығарылады.

Осы шешімнің орындалуын ішкі істер органдары жүзеге асырады, шеттетілген сайлау комиссиясының мүшесін де, сондай-ақ шығарылған байқаушыны немесе өзге де

адамды заңдарда көзделген жауапкершілікке тарту жөнінде шешім қабылдайды.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Ішкі істер бөлімінің қызметкерлері дауыс беруге арналған үй-жайларда комиссия төрағасының шақыруымен ғана болуға тиіс және тәртіпті қалпына келтіргеннен кейін не комиссия төрағасының өтініші бойынша ол жерден дереу кетуге міндетті";

29) 40 - бапта :

3 - тармақ алынып тасталсын;

4-тармақтың 1) тармақшасы "комиссия мүшелерінің" деген сөздердің алдынан " дауыс беру басталғанға дейін отыз минут қалғанда" деген сөздермен толықтырылсын;

30) 41 - бапта :

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жекелеген сайлаушылар денсаулық жағдайына, отбасының ауру мүшесін күтіп бағу себебіне байланысты дауыс беруге келе алмаған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясы олардың дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіден кешіктірілмей берілген жазбаша өтініші бойынша осы сайлаушылардың тұрған жеріне барып дауыс беруді ұйымдастыруға тиіс.

Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері байқаушыларға, сенім білдірілген адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруі туралы ақпаратпен хабардар етуге м і н д е т т і .

Сайлау комиссиясының мүшелері дауыс беруді ұйымдастыру үшін барған жағдайда оларға міндетті түрде байқаушылар не сенім білдірілген адамдар ілесіп барады.

Дауыс беруді дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде ұйымдастыру кезінде сайлау комиссиясының мүшелері олардың бүліну мүмкіндігін ескере отырып сайлау бюллетеньдерінің қажетті мөлшерімен қамтамасыз етілуге тиіс.";

7 және 8-тармақтар алынып тасталсын;

9-тармақта "6, 7 және 8-тармақтарына" деген сөздер "6-тармағына" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

31) 42 - бапта :

1 - тармақта :

бірінші сөйлемде "немесе бөлмелерде" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.";

2 - тармақта :

бірінші бөлікте "не "Барлық кандидаттарға қарсы дауыс беремін" деген жолдың оң жағында орналасқан шаршының" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлікте "не "Барлық саяси партияларға қарсы дауыс беремін" деген жолдың оң жағында орналасқан шаршының" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақта "не "Барлық кандидаттарға қарсы дауыс беремін" деген жолдың оң

жағында орналасқан шаршының" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да болмасын түзету енгізуге жол берілмейді.";

5 - тармақ алынып тасталсын;
3 2) 4 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Дауыстарды санау дауыс беру қорытындысын анықтағанға дейін үзіліссіз жүргізіледі, ол учаскелік сайлау комиссияларының барлық мүшелері мен осы Конституциялық заңға сәйкес дауыстарды санау кезінде қатысушы адамдардың назарына жеткізілуге тиіс. Сайлау учаскесіндегі дауыстарды санау уақыты дауыстарды санау басталғаннан соң он екі сағаттан аспауға тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыстарды санау жүргізілетін столдар учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің әрекетін үй-жайдағы барлық қатысушы адамдар көріп отыратындай етіп орналастырылады. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сенім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетеньдердегі белгілер көрініп тұратындай қашықтықта және сондай жағдайда б а қ ы л а й д ы . " ;

3-тармақтың екінші бөлігі алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Дауыс беру аяқталған соң бюллетеньдер бар жәшіктерді ашқанға дейін учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімі бойынша бюллетеньдер алған сайлаушылардың есебін жүргізеді және олардың жалпы санын анықтайды. Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы не оның орнындағы комиссия мүшесі қажетті дауыс санаудың нәтижелерін жария етеді және оларды дауыс беру нәтижелері туралы х а т т а м а ғ а е н г і з е д і .

Бірінші кезекте тасымалданатын сайлау жәшіктері ашылады. Тасымалданатын сайлау жәшіктеріндегі бюллетеньдердің саны үй-жайдан тыс жерде дауыс беру үшін дауыс беру мүмкіндігін туғызу туралы жазбаша өтініштердің санына сәйкес келуі керек . Егер тасымалданатын сайлау жәшіктеріндегі белгіленген үлгідегі сайлау бюллетеньдерінің саны жазбаша өтініштердің санынан артық болса, онда бұл жәшіктегі сайлау бюллетеньдерінің барлығы жарамсыз деп танылады, тасымалданатын сайлау жәшіктерінен шығарылған барлық сайлау бюллетеньдерінің жарамсыз деп танылғаны туралы акт жасалады, онда осы тасымалданатын жәшіктердің көмегімен дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді өткізген комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Дауыс беру үшін тасымалданатын жәшіктер ашылғаннан кейін барып, тұрақты жәшіктер ашылады.";

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) учаскелік сайлау комиссиясы алған бюллетеньдер санын;"
мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) жойылған бюллетеньдердің санын анықтайды.";

5 - т а р м а қ т а :

4) тармақша "сайлаушылардың" деген сөздің алдынан "қарындашпен белгі соғылған, түзету немесе өзге де жалған жасау іздері бар, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Жақтап" немесе "қарсы" дауыс бергендерді тікелей санау кезінде жарамсыз сайлау бюллетеньдері дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) бюллетеньдері қатарынан алынып тасталады.";

8-тармақ мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды қарындашпен және түрлі түсті сиямен толтыруға, сондай-ақ оларға қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді.

Хаттаманың көшірмесі барша жұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайындағы жалпы арнайы белгіленген жерге дереу ілінеді.

Осы Конституциялық заңға сәйкес дауыстарды санауға қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшының қолдары қойылған және сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі.";

мынадай мазмұндағы 8-1 және 8-2-тармақтармен толықтырылсын:

"8-1. Сайлау округі бойынша сайлау нәтижелері округтік сайлау комиссиясы дауыс беру күніне дейін он күннен кешіктірмей бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып белгілеген сайлау учаскелерінің бірінде жүргізілетін округтік сайлау комиссиясының отырысында анықталады. Нәтижелер осы учаскеге жеткізілетін учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде айқындалады.

Сайлау округі бойынша сайлау нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі барша жұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайына ілінеді.

Осы Конституциялық заңға сәйкес дауыстарды санауға қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшының қолдары қойылған және сайлау комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі.

8-2. Округтік сайлау комиссиясы дауыс беру күні басталғаннан бес күннен кешіктірмей сайлау учаскелеріндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы алдын ала бейресми жиынтық жаршысын жасайды және барша жұрттың танысуы үшін отырысы өткен сайлау комиссиясының үй-жайына ілінеді.

Ресми жиынтық жаршы учаскелік сайлау комиссияларының дауыстарды санаудың нәтижелері туралы алынған хаттамалардың негізінде жасалады, округтік сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қояды және барша жұрттың танысуы үшін ілінеді." ;

9-тармақтың екінші сөйлемі "және дауыстардың дұрыс саналмағандығы фактілерін ұсынған арыз берушілердің" деген сөздермен толықтырылсын;

33) мынадай мазмұндағы 43-1-баппен толықтырылсын:

"43-1-бап. Автоматтандырылған ақпараттық жүйені пайдалану

1. Сайлау өткізу кезінде ақпараттарды жедел алу, беру және өңдеу мақсатында сайлаушылардың тізімін жасау, дауыс беру, дауыс беру қорытындыларын анықтау және сайлау нәтижелерін айқындау үшін автоматтандырылған ақпараттық жүйе п а й д а л а н ы л а д ы .

2. Сайлау комиссиясы мүшелерінің, байқаушылардың, кандидаттар мен олардың сенім білдірілген адамдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйеге енгізілетін және одан шығарылатын кез келген ақпаратпен танысуға құқығы бар.

3. Сайлаушылардың тізімін жасау, дауыс беруді өткізу, дауыс беру қорытындыларын анықтау және сайлау нәтижелерін айқындау үшін автоматтандырылған ақпараттық жүйені пайдалану тәртібін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.";

3 4) 4 4 - б а п т а :

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "Парламент" деген сөзден кейін "Сенатының" деген сөздермен толықтырылсын, "Орталық сайлау комиссиясы" деген сөздерден кейін ", Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша тиісті округтік сайлау комиссиялары" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) тармақшада "тиісті аумақтық сайлау комиссиясы" деген сөздер "тиістік аумақтық және округтік сайлау комиссиялары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Орталық (аумақтық) сайлау комиссиясының хабарламасында: сайлау күні, сайлаушылар (таңдаушылар) тізімдеріне енгізілген азаматтардың жалпы саны; дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) саны; сайлау округтерінің жалпы саны; дауысқа түскен кандидаттардың жалпы саны; сайлауға қатысқан саяси партиялардың саны; қайтадан сайлау өткізілетін округтердің саны; сайлау округтері бойынша сайланған депутаттардың саны; әр саяси партия үшін берілген дауыстар саны; сайланған депутаттардың өмірбаяндық деректері берілген тізімі көрсетіледі.

Тиісті округтік сайлау комиссиясының хабарламасында: сайлаушылар тізімдеріне енгізілген азаматтардың жалпы саны; дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны; әрбір кандидат үшін берілген дауыс саны; сайлау учаскелері бойынша жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны; Парламент Мәжілісінің депутаттығына, мәслихат депутаттығына сайланған адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, атқаратын қызметі (жұмысы), тұрғылықты жері, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай, оның саяси партияға қатыстылығы, ұлты туралы мәліметтер көрсетіледі.";

3 5) 4 7 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

"жарияланғанға дейін" деген сөздерден кейін "Орталық сайлау комиссиясының келісімінсіз" деген сөздермен толықтырылсын;

"тиісінше Орталық сайлау

комиссиясының, тиісті аумақтық немесе округтік сайлау комиссиясының келісімінсіз" деген сөздер алып тасталсын;

36) 48-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Егер сайлау комиссиясы шағымды тексеру кезінде шағымда көрсетілген мән-жайларды құқық қорғау органдарының тексеруі қажет деп тапса, онда тиісті органдар сайлау комиссиясының арыздануы бойынша мән-жайларды тексереді, арызды алған күннен бастап үш күн мерзімде, ал егер арыз сайлау болатын күнге дейін кемінде бес күн қалғанда не сайлау болатын күні алынса, бұзушылықтың жолын кесу жөнінде дереу шаралар қолданады.

4. Құқық қорғау органдары әкімшілік не қылмыстық заңдардың күшін қолдануға болатын тәртіп бұзушылықтарды анықтаған кезде сайлау туралы заңдарды бұзған адамдарды жауапкершілікке тарту үшін істі сотқа тапсырады.";

3 7) 4 9 - б а п т а :

тақырыпта "шағым беру мерзімдері" деген сөздер "шағым беру және күшін жою" деген сөздермен ауыстырылсын;

", ал дауыс беруден" деген сөздерден кейін "кемінде" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың олардың лауазымды адамдарының сайлау туралы заңдарды бұзатын шешімдері мен іс-әрекеттеріне сотқа шағым жасалады.

Соттар, прокуратура органдары мен сайлау комиссиялары өз жұмыстарын сайлау процестері кезінде, соның ішінде демалыс күндері мен сайлау күні шағымдарды осы Конституциялық заңда белгіленген мерзімдерде қабылдау мен қарауды қамтамасыз ететіндей жолмен ұйымдастырады.";

38) 50-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"50-бап. Сайлау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

1 . А д а м :

1) сайлау комиссияларының жұмысына араласқан;

2) дауыс беруге кедергі келтірген;

3) кандидатты, партиялық тізімді тіркеуге байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген;

4) дауыстарды санауға және сайлау қорытындыларын анықтауға байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген;

5) кандидатты, саяси партияны сайлау мақсатында өзінің лауазымдық немесе

қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдаланған;
6) сайлаушыларды сатып алумен айналысқан;
7) сайлау құжаттарын қолдан жасаған;
8) дауыстарды көрінеу қате санаған;
9) сайлау нәтижелерін көрінеу қате белгілеген;
10) дауыс беру құпиясын бұзған;
11) Республика азаматының өз сайлау құқығын еркін жүзеге асыруына зорлық-зомбылық жасау, алдау, қорқыту-үркіту, сатып алу жолымен кедергі келтірген жағдайда заңдармен белгіленген қылмыстық жауапты болады.

2 . А д а м :

1) осы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес мәліметтерді ұсынбаған немесе ж а р и я л а м а ғ а н ;

2) сайлау комиссиясының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімі орындамаған;

3) кандидатты тіркегенге дейін, сайлау күні не соның қарсаңындағы күні сайлау алдындағы үгітті жүргізген;

4) сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кедергі келтірген;

5) кандидаттар туралы көрінеу жалған мәліметтер таратқан немесе олардың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасаған;

6) сайлау комиссиясы мүшелерінің құқықтарын бұзған;

7) азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысу құқығын бұзған;

8) сайлаушылар тізімін жасау үшін сайлаушылар туралы қате мәліметтер берген;

9) азаматтарға сайлау бюллетеньдерін басқа адамдарды жақтап дауыс беру мақсатында берген ;

10) сайлауға қатысу үшін демалыс бермеген;

11) БАҚ арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізу шарттарын бұзған;

12) дерексіз үгіт материалдарын дайындаған немесе таратқан;

13) үгіт материалдарын қасақана жойған немесе зақым келтірген;

14) кандидаттарға, партиялық тізімді ұсынған саяси партияларға олардың сайлау қорларынан тыс қаржылық (материалдық) қолдау көрсеткен;

15) кандидатты сайлау үшін шетелдік мемлекеттерден, ұйымдардан, азаматтардан, азаматтығы жоқ адамдардан қайырмалдық алған;

16) сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу жүргізу шарттарын бұзған;

17) сайлауда кандидаттардың сенім білдірген адамдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен байқаушылардың заңды қызметіне кедергі келтірген жағдайда заңдармен белгіленген әкімшілік және өзге де жауаптылықта болады.

3. Осы Конституциялық заңның бұзылуы анықталған кезде сайлау комиссиясы сотқа не прокуратураға шағымдануға құқылы.

4. Кандидат, саяси партия осы Конституциялық заңның талаптарын бұзған кезде, кандидатты тіркеуден бас тарту немесе оның күшін жою үшін негіз болып табылатын

талаптарды қоспағанда, оларға ескертіледі, ал қайта бұзған кезде тиісті сайлау комиссиясы кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жояды."

39) 54 - бапта :

1 - тармақта :

"қандай да бір дін қызметшісі болмауға және" деген сөздер алып тасталсын;

"2-тармаққа" деген сөздер "2, 3-тармақтарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ "Бұл ретте" деген сөздерден кейін "Президентке кандидаттың Қазақстан Республикасында кемінде 15 жыл тұру фактісін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді , ал" деген сөздермен толықтырылсын;

40) 55-баптың 3-тармағы бірінші абзацының бесінші сөйлемінде "қабылданған күннен бастап үш күн ішінде" деген сөздер алып тасталсын:

41) 56 - бапта :

2-тармақта "екі" деген сөз "бір" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақта "осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын бастамашыл топтар жүзеге асырады," деген сөздер "сенім білдірілген адамдар ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қойылған қолдардың растығын тексеру осы баптың 2-тармағына сәйкес Президенттікке кандидатқа қажетті қойылған қолдардың саны белгіленгенге дейін жүргізіледі. " ;

42) 57 - бап алып тасталсын;

43) 58-бапта "үш", "бес" және "он" деген сөздер тиісінше "бес", "жеті" және "он бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 59 - бапта :

2-тармақта екінші сөйлемде "жеті" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын, " жағдайларда" деген сөзден кейін ", сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табыс және мүлік туралы декларацияны ұсынғандығы туралы анықтамалар;" ;

6-тармақтың 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: "3-1) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табыс және мүлік туралы декларацияны ұсынғандығы туралы анықтамалар;" ;

7-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мына жағдайларда :

кандидат ұсыну ережесін бұзғанда, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбағанда;

кандидат Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмегенде ;

кандидат сайлау алдындағы науқанда өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайын

п а й д а л а н ғ а н д а ;

кандидат өзін тіркегенге дейін, сайлау күні не оның қарсаңындағы күні сайлау алдындағы үгіт жүргізгенде;

сот кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін анықтағанда;

кандидаттың немесе оның жұбайының (зайыбының) табысы мен мүлкі туралы мәлімделген мәліметтердің жалғандығы анықталғанда:

сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтағанда;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.";

45) 60-баптың 1 және 2-тармақтарында ", бірақ дауыс беруден кемінде жеті тәулік бұрын," деген сөздер алып тасталсын;

46) 63-баптың 1-тармағының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын: "Кандидаттардың біреуі шығып қалған жағдайда, көп дауыс алған келесі кандидат сайлау бюллетеніне қосылады.";

4 7) 6 4 - б а п т а :

1-тармақта "Егер Президент сайлауында бір ғана кандидат дауысқа түссе және ол сайланбай қалса," деген сөздер алып тасталсын;

екінші сөйлем алып тасталсын;

48) 65-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын;

49) 68-баптың 1-тармағы "Премьер-Министрдің" деген сөзден кейін "сайлау қорытындылары шығарылғаннан кейін он күн ішінде берілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

50) 70-бапта "2-тармағы" деген сөздер "2, 3-тармақтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

51) 71-баптың 4-тармағында "қабылданған күннен бастап үш күн ішінде" деген сөздер алып тасталсын;

5 2) 7 2 - б а п т а :

1-тармақта "он" деген сөз "бір" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақта "осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын бастамашыл топтар жүзеге асырады" деген сөздер "сенім білдірілген адамдар ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 3) 7 3 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемде "жиырма бес" деген сөздер "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын ;

екінші сөйлемде "жеті" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын, "жағдайларда"

деген сөзден кейін ", сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"сайлау күнінен кемінде қырық күн бұрын" деген сөздер "барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сайлау күніне" деген сөздерден кейін "кем дегенде" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтың 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табыс және мүлік туралы декларацияны ұсынғандығы туралы анықтамалар;"

5-тармақтың 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табыс және мүлік туралы декларацияны ұсынғандығы туралы анықтамалар;"

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мына жағдайларда:

кандидат ұсыну ережесін бұзғанда, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбағанда; кандидат Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмегенде;

кандидат сайлау алдындағы науқанда өзінің лауазымдық немесе қызмет бабын пайдаланғанда;

кандидат оны тіркегенге дейін, сайлау күні не соның қарсаңындағы күні сайлау алдындағы үгіт жүргізгенде;

кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін сот анықтағанда;

кандидаттың немесе оның жұбайының (зайыбының) табысы мен мүлкі туралы мәлімделген мәліметтердің жалғандығы анықталғанда, сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтағанда;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.";

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы Сенат депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттама жасайды, ол үш күн мерзімде Орталық сайлау комиссиясына ұсынылады.";

54) 74-баптың 1 және 2-тармақтарында ", бірақ дауыс беретін күнге кемінде жеті тәулік қалғанда" деген сөздер алынып тасталсын;

55) 75-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"75-бап. Сенат депутаттығына кандидаттың сайлау қорының мөлшері

Кандидаттың сайлау қоры:

10) жалпы сомасы заңдарда белгіленген ең төменгі жалақының екі жүз есе

мөлшерінен аспайтын кандидаттың жеке қаражатынан;

2) жалпы сомасы заңдарда белгіленген ең төменгі жалақының бес жүз есе мөлшерінен аспайтын Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтарынан құралады.";

56) 77-баптың 2-тармағында "депутаттардың жалпы санының" деген сөздер "сайланған депутаттар санының" деген сөздермен ауыстырылсын;

57) 79-баптың 1-тармағының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын: "Кандидаттардың біреуі шығып қалған жағдайда, көп дауыс алған келесі кандидат сайлау бюллетеніне қосылады.";

58) 80 - бапта :

1-тармақта "бірден-бір немесе екі кандидат дауысқа түскен кезде ол (олар) сайланбай қалса," деген сөздер "екі кандидат дауысқа түскен кезде олар сайланбай қалса" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алынып тасталсын;

59) 81-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алынып тасталсын;

60) 83-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сенат депутаты өкілеттігінің конституциялық мерзімі бітуіне бір жыл қалғанда шығып қалған депутаттың орнына сайлау өткізілмейді.";

61) 84-баптың 1-тармағы "Республика Премьер-Министрінің" деген сөздерден кейін "сайлау қорытындылары шығарылғаннан кейін он күн ішінде берілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

62) 86-бапта "2-тармағына" деген сөздер "2 және 3-тармақтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

63) 87 - бапта :

1-тармақта "республикалық және жергілікті қоғамдық бірлестіктерде" деген сөздер "саяси партияларда" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсынуды саяси партиялардың жоғары органдары кандидат дауысқа түсетін сайлау округін көрсете отырып жүргізеді. Саяси партияның осы саяси партия мүшесі болып табылмайтын адамдарды депутаттыққа кандидат етіп ұсынуға құқығы жоқ. Саяси партия әрбір сайлау округінде Мәжіліс депутаттығына бір ғана кандидатты ұсына алады. Мәжіліс депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім саяси партияның жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттаманың үзіндісімен ресімделеді. Мәжіліс депутаттығына сайлау үшін адамдарды партиялық тізімдерге біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша кіргізуді саяси партияның жоғары органы жүргізеді. Саяси партиялардың партиялық тізімдерге осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын адамдарды кіргізуге құқығы жоқ. Мәжіліс депутаттығына сайлану үшін партиялық тізімге біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша кіргізілген

адамның аумақтық сайлау округі бойынша ұсынылуға құқығы жоқ."; мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Саяси партиялар сайлау өткізу кезеңінде Орталық сайлау комиссиясында тіркелетін сайлау блоктарын құра алады. Сайлау блоктарын кемінде екі саяси партия құра алады. Саяси партия сайлау өткізу кезеңінде бір ғана сайлау блогына кіре алады. Сайлау блогына кіру туралы шешімді саяси партияның жоғары органы қабылдайды.

Сайлау өткізу кезеңінде сайлау блоктарына осы Конституциялық заңда саяси партиялар үшін көзделген ережелер қолданылады.";

3-тармақтың бірінші абзацында:

"Қоғамдық бірлестіктің үш күн мерзім ішінде" деген сөздер "Саяси партияның" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта "және бір партиялық тізімнен" деген сөздер алынып тасталсын;

7 - т а р м а қ т а :

"алпыс күн" деген сөздер "екі ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 4) 8 8 - б а п т а :

сөйлемдегі "жиырма бес" деген сөздер "жиырма" деген сөздермен ауыстырылсын; екінші сөйлемдегі "жеті" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын", "кемінде жеті процентін алған жағдайларда" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші сөйлемде "кемінде жеті процентін алған жағдайда" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген жалғыз кандидат қайтыс болған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

6 5) 8 9 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Қоғамдық бірлестіктен" деген сөздер "Саяси партиядан" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы саяси партияның әділет органдарында тіркелгені туралы құжаттар көшірмесі қоса тіркелген тиісті сайлау округі бойынша кандидатты ұсыну жөніндегі саяси партияның жоғары органының отырысы хаттамасының үзіндісі";

2) тармақшада "қоғамдық бірлестіктен" деген сөздер "саяси партиядан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табыс және мүлік туралы декларацияны ұсынғандығы туралы анықтамалар";

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) кандидаттың өзін ұсынған саяси партияның мүшесі екендігін растайтын құжат.";

3-тармақтың 2-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) табыс және мүлік туралы декларацияны ұсынғандығы туралы анықтамалар;"

6 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "қоғамдық бірлестікке" деген сөздер "саяси партияға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мына жағдайларда:

кандидат ұсыну ережесін бұзғанда, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбағанда; кандидат Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмегенде;

кандидат сайлау алдындағы науқанда өзінің лауазымдық немесе қызмет бабын пайдаланғанда;

кандидат оны тіркегенге дейін, сайлау күні не соның қарсаңындағы күні сайлау алдындағы үгіт жүргізгенде;

кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін сот анықтағанда;

кандидаттың немесе оның жұбайының (зайыбының) табысы мен мүлкі туралы мәлімделген мәліметтердің жалғандығы анықталғанда;

сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтағанда;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.";

7-тармақтың бірінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) партиялық тізімге кіргізбеген адамның және оның жұбайының (зайыбының) табысы мен мүлкі туралы мәлімдемені ұсынғандығы туралы анықтамалар;"

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

6) осы тізімді ұсынған саяси партияның партиялық тізіміне енгізілген адамның мүшелігін растайтын құжат болған жағдайда жүргізіледі.";

екінші бөлік алынып тасталсын;

8 - т а р м а қ т а :

"кез келген" деген сөз алынып тасталсын;

"енгізілген" деген сөзден кейін "саяси партиялар арасында бөлінетін депутаттық мандаттардың белгіленген санының жиырма бес процентінен аспайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

9 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мына жағдайларда:

саяси партия партиялық тізімді ұсыну ережесін бұзғанда, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбағанда;

партиялық тізімді ұсынған саяси партия немесе оның сенім білдірілген адамдары партиялық тізімді тіркегенге дейін, сайлау күні не сайлау қарсаңындағы күні сайлау алдындағы үгіт жүргізгенде;

партиялық тізімді ұсынған саяси партия немесе оның сенім білдірілген адамдарының партиялық тізімді ұсынған басқа саяси партия кандидатының немесе партиялық тізімге кіргізілген адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, олардың іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін сот анықтағанда;

партиялық тізімнен барлық партиялық тізімнің жиырма бес проценттен астамын құрайтын адамдар шыққанда;

сот партиялық тізімді ұсынған саяси партиялардың немесе оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтағанда;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімді тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды;"

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

" 4) мына жағдайларда:

партиялық тізімге кіргізілген адам Конституцияда және осы Конституциялық заңда кандидатқа қойылатын талаптарға сәйкес келмегенде;

партиялық тізімге кіргізілген адам сайлау алдындағы науқанда өзінің лауазымдық немесе қызмет бабын пайдаланғанда;

партиялық тізімге кіргізілген адам партиялық тізім тіркелгенге дейін не сайлау күні сайлау алдындағы үгіт жүргізгенде; партиялық тізімге кіргізілген адам немесе оның сенім білдірілген адамдарының партиялық тізімді ұсынған басқа саяси партия кандидатының немесе партиялық тізімге кіргізбеген адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, олардың іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін сот анықтағанда;

партиялық тізімге кіргізілген адам және оның жұбайы (зайыбы) табыс және мүлік туралы мәлімдеген мәліметтердің жалғандығы анықталғанда;

сот партиялық тізімге кіргізілген адамның не оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтағанда, осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімге кіргізілген адамды осы тізімнен алып тастау туралы шешім қабылдайды;"

66) 90 - бапта:

1 және 2-тармақтарда "бірақ дауыс берілетін күннен кемінде жеті тәулік бұрын," деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақта "Қоғамдық бірлестіктің" деген сөздер "Саяси партияның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - 1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Партиялық тізімге кіргізілген адам бұл туралы Орталық, сайлау комиссиясына жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын партиялық тізімнен қайтарып ала а л а д ы . " ;

екінші сөйлемдегі "Бұл жағдайда" деген сөздер "Бұл жағдайларда" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"күшін жою" деген сөздерден кейін "не партиялық тізімге кіргізілген адамды алып тастау" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта "хақылы" деген сөз "тиіс" деген сөзбен ауыстырылсын, "қоғамдық бірлестіктің" деген сөздер "саяси партияның" деген сөздермен ауыстырылсын;

67) 91-бап алынып тасталсын;

68) 92-баптың 2-тармақшасында "республикалық қоғамдық бірлестік" деген сөздер "саяси партия" деген сөздермен ауыстырылсын;

69) 95-баптың 1-тармағының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын: "Кандидаттардың біреуі шығып қалған жағдайда, көп дауыс алған келесі кандидат сайлау бюллетеніне қосылады.";

70) 96-бапта :

1-тармақта "бір ғана кандидат немесе екі кандидат дауысқа түскен кезде ол (олар) сайланбай қалса," деген сөздер "екі кандидат дауысқа түскен кезде олар сайланбай қалса" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алынып тасталсын;

71) 97-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы алынып тасталсын;

72) 97-1-баптың 5-тармағында :

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Саяси партияны тарату не саяси партиядағы мүшелігін тоқтату осы партияның партиялық тізімі бойынша сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігін тоқтату үшін негіз болып табылады.";

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Саяси партиялар бұл туралы Орталық сайлау комиссиясына жазбаша өтініш және саяси партияның жоғарғы органы отырысы хаттамасының көшірмесін бере отырып, кандидаттардың партиялық тізімдегі кезектілігін өзгертуге құқылы.";

73) 99-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мәжіліс депутаттары өкілеттігінің конституциялық мерзімі бітуіне бір жыл қалғанда, шығып қалған депутаттың орнына сайлау өткізілмейді.";

74) 100-баптың 1-тармағы "Республика Премьер-Министрінің" деген сөздерден кейін "сайлау қорытындылары шығарылғаннан кейін он күн ішінде берілетін" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

75) 101-баптың 2-тармағында "төрт" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

76) 102-бапта "2-тармағына" деген сөздер "2, 3-тармақтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

77) 103 - бапта :

1-тармақ "сондай-ақ" деген сөзден кейін "олардың құрылымдық бөлімшелері мен" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынуды республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің жоғары органдары әр кандидат дауысқа түсіп отырған сайлау округін көрсете отырып жүргізеді. Қоғамдық бірлестіктің депутаттыққа кандидаттар ретінде сол қоғамдық бірлестіктің мүшесі болып табылмайтын адамдарды ұсынуға құқығы жоқ. Қоғамдық бірлестік, оның құрылымдық бөлімшелері әр сайлау округінен мәслихат депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады. Мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктің, оның құрылымдық бөлімшесінің жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және ол хаттаманың үзіндісімен ресімделеді.";

3-тармақтың бірінші абзацында "үш күн мерзімнен кешіктірілмей" деген сөздер алынып тасталсын;

6-тармақта "үш" және "екі ай" деген сөздер тиісінше "екі" және "бір ай" деген сөздермен ауыстырылсын;

78) 104 - бапта :

2 - тармақта :

1) тармақшада "тиісінше Республика Әділет министрлігінде, облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қаланың, Республика астанасының) әділет басқармасында" деген сөздер "әділет органдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістер және мүлік туралы мәлімдемені ұсынуы туралы анықтамалар.";

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістер және мүлік туралы мәлімдемені ұсынуы туралы анықтамалар.";

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мына жағдайларда :

кандидат ұсыну ережесін бұзғанда, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбағанда; кандидат Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмегенде;

кандидат сайлау алдындағы науқанда өзінің лауазымдық немесе қызмет бабын пайдаланғанда;

кандидат оны тіркегенге дейін, сайлау күні не соның қарсаңындағы күні сайлау

алдындағы үгіт жүргізгенде;

кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін сот анықтағанда;

кандидаттың немесе оның жұбайының (зайыбының) кірістері мен мүлкі туралы мәлімделген мәліметтерінің жалғандығы анықталғанда;

сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтағанда;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.";

8-тармақта "қырық" деген сөз "жиырма бес" деген сөздермен ауыстырылсын;
79) 105 - бапта:

1 және 2-тармақтарда ", бірақ дауыс берілетін күннен кемінде жеті тәулік бұрын," деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақта "бірлестіктің" деген сөзден кейін ", қоғамдық бірлестіктің құрылымдық бөлімшесінің" деген сөздермен толықтырылсын;

80) 106-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"106-бап. Мәслихат депутаттығына кандидаттың сайлау қорының мөлшері
Кандидаттың сайлау қоры:

1) кандидаттың оның жалпы сомасы заңмен белгіленген ең төменгі жалақының жүз есе мөлшерінен аспауға тиіс жеке қаражатынан;

2) кандидатқа өзін ұсынған қоғамдық бірлестік бөлген, жалпы сомасы заңмен белгіленген ең төменгі жалақының екі жүз есе мөлшерінен аспауға тиіс қаражаттан;

3) Республика азаматтары мен ұйымдарының жалпы сомасы заңмен белгіленген ең төменгі жалақының үш жүз есе мөлшерінен аспауға тиіс ерікті қайырмалдықтарынан құралады." ;

81) 109-бап алынып тасталсын;

82) 110 - бапта:

1-тармақта "не бір кандидат дауысқа түскен жағдайда ол сайланбаса" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақ алынып тасталсын;

83) 111-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар басқа кандидаттарға қарағанда көп дауыс берген кандидат мәслихаттың сайланған депутаты болып есептеледі.";

84) 113-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мәслихат өкілеттігінің конституциялық мерзімі бітуіне бір жыл қалғанда шығып қалған депутаттың орнына сайлау өткізілмейді.";

85) 114-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Сайлауды өткізу тәртібін Орталық сайлау комиссиясы осы Конституциялық заңға

с әй к е с

б е л г і л е й д і " ;

86) 115-бапта "2-тармағына" деген сөздер "2, 3-тармақтарына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

87) 117-баптың 3-тармағында "үш күн мерзімнен кешіктірілмей" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

8 8) 1 1 8 - б а п т а :

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістер және мүлік туралы декларацияны ұсынуы туралы анықтамалар." ;

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кандидат пен оның жұбайының (зайыбының) кірістер және мүлкі туралы декларацияны ұсынуы туралы анықтамалар." ;

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

" 3) м ы н а ж а ғ д а й л а р д а :

кандидат ұсыну ережесін бұзғанда, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбағанда; кандидат осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмегенде ;

кандидат сайлау алдындағы науқанда өзінің лауазымдық немесе қызмет бабын п а й д а л а н ғ а н д а ;

кандидат оны тіркегенге дейін, сайлау күні не соның қарсаңындағы күні сайлау алдындағы үгіт жүргізгенде ;

кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін сот анықтағанда;

кандидаттың немесе оның жұбайының (зайыбының) кірістері мен мүлкі туралы мәлімделген мәліметтердің жалғандығы анықталғанда;

сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу ф а к т і л е р і н а н ы қ т а ғ а н д а ;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды." ;

8-тармақтағы "он бес" деген сөздер "он үш" деген сөздермен ауыстырылсын;

89) 119-баптың 1 және 2-тармақтарында ", бірақ дауыс берілетін күннен кемінде үш күн бұрын" деген сөздер алынып тасталсын ;

90) 120-бап алынып тасталсын ;

91) 124-баптың 4-тармағы алынып тасталсын ;

92) 127-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жергілікті өзін-өзі басқару органы өкілеттігінің заңдармен белгіленген мерзімі бітуіне бір жыл қалғанда жергілікті өзін-өзі басқару органының шығып қалған

мүшесінің орнына сайлау өткізілмейді.";

93) 128, 129, 130 және 132-баптар алынып тасталсын.

2-бап. Осы Конституциялық заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ